ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №1

Күні: «28» тамыз 2026 жыл
Өткізілген орны: «MDU Baqytty bala» балабақшасы
Педагогикалық кеңес тақырыбы:
«2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа бағыттары: сапа, инновация және баланың әл-ауқаты»
Мақсаты:
2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде белгіленген басым бағыттарды айқындау, тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру, заманауи педагогикалық және цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына, қауіпсіздігіне және эмоционалдық әл-ауқатына жағдай жасау.
Қатысқандар: педагогикалық ұжым – 22 адам
Қатыспағандар: 0
Педагогикалық кеңес төрағасы: Өмірғалиева Айдана Баубекқызы
Хатшы: Бақыт А.Ж.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **2026–2027 оқу жылындағы білім беру саласындағы жаңа бағыттар мен басым міндеттер.**
   Баяндамашы: меңгеруші Өмірғалиева Айдана Баубекқызы
2. **2025–2026 оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер.**
   Баяндамашы: меңгеруші Өмірғалиева Айдана Баубекқызы
3. **2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттерді талқылау және бекіту.**
   Баяндамашы: әдіскер Бақыт Арайлым Жалғасханқызы
4. **Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру құжаттарын қарау және бекіту.**
   Баяндамашы: әдіскер Бақыт Арайлым Жалғасханқызы
5. **«Жасанды интеллект – педагогтің заманауи көмекшісі».**
   Баяндамашы: тәрбиеші Тулебаева Асия Айтуғанқызы
6. **Педагогикалық тренинг: «Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік».**
   Жауапты: педагог-психолог Бақыт Арайлым Жалғасханқызы
7. **Әртүрлі мәселелер.**

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:
Меңгеруші Өмірғалиева Айдана Баубекқызы 2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында белгіленген негізгі бағыттар мен міндеттерге тоқталды.

2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Үлгілік оқу жоспарларына, Үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру саласындағы басқа да стратегиялық құжаттарға сәйкес әзірленгені атап өтілді.

Баяндамашы жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің басым бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, балалардың қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру, ауызекі сөйлеуін дамыту, салауатты өмір салтына баулу, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру, мектепте оқуға сапалы дайындықты қамтамасыз ету, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты дамыту, буллингтің алдын алу, ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу, академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бағыттарының маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда қауіпсіз, жайлы және дамытушы ортаны қалыптастыру, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру қажеттігі айтылды.

Сөз сөйледі:

Педагогтер жаңа оқу жылындағы басым бағыттарды талқылап, оларды күнделікті тәрбиелеу-білім беру процесіне кіріктіру бойынша ұсыныстарын білдірді.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Меңгеруші Өмірғалиева Айдана Баубекқызы 2025–2026 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды талдау жасады.

Өткен оқу жылында тәрбиеленушілердің дамуына, тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге, ата-аналармен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстардың нәтижелері сараланды.

Жыл бойы жүргізілген әдістемелік жұмыстардың, педагогтердің кәсіби іс-шараларға қатысуының, балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстардың нәтижелері қарастырылды.

Сонымен қатар алдағы оқу жылында жетілдіруді қажет ететін бағыттар айқындалып, педагогтерге нақты міндеттер белгілеу қажеттігі айтылды.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Бақыт Арайлым Жалғасханқызы өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың нәтижелеріне тоқталып, педагогтердің шығармашылық бастамаларын одан әрі қолдау қажеттігін атап өтті.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Әдіскер Бақыт Арайлым Жалғасханқызы 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттерді таныстырды.

Жылдық жоспарды әзірлеу барысында 2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басым бағыттары негізге алынғаны айтылды.

Жылдық мақсаттарда тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу, экологиялық мәдениетті арттыру, құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру, еңбекке баулу және мектепке сапалы даярлық бағыттарына басымдық берілгені түсіндірілді.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Әдіскер Бақыт Арайлым Жалғасханқызы 2026–2027 оқу жылында педагогтер жүргізетін негізгі құжаттарды таныстырды.

Тәрбиелеу-білім беру процесі перспективалық жоспар мен циклограммаға сәйкес жүзеге асырылатыны түсіндірілді. Перспективалық жоспар оқу жылына әзірленеді, ал циклограмма әр аптаға құрылады.

Циклограммада балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттері, серуен, күндізгі ұйқы және балалардың үйге қайтуына дейінгі күн тәртібі қамтылатыны айтылды.

Сонымен қатар мониторинг оқу жылында үш рет: бастапқы – қыркүйекте, аралық – қаңтарда, қорытынды – мамырда жүргізілетіні атап өтілді.

Педагогтерге құжаттарды сапалы, жүйелі және белгіленген талаптарға сәйкес жүргізу қажеттігі түсіндірілді.

5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Тәрбиеші Тулебаева Асия Айтуғанқызы **«Жасанды интеллект – педагогтің заманауи көмекшісі»** тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында жасанды интеллектіні педагогтің кәсіби қызметінде тиімді қолдану мүмкіндіктері көрсетілді.

Атап айтқанда, ЖИ көмегімен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындалу, дидактикалық материалдар, көрнекіліктер, презентациялар, жобалар, сценарийлер және ата-аналарға арналған ақпараттық материалдар әзірлеу мүмкіндіктері қарастырылды. Әдістемелік нұсқау хатта жасанды интеллект педагогке осындай материалдарды әзірлеуде көмекші құрал ретінде қолданылуы мүмкін екені көрсетілген.

Сонымен бірге цифрлық технологиялар мен ЖИ құралдарын пайдалануда ақпараттың дынайлығын тексеру, академиялық адалдықты сақтау, жеке деректер мен авторлық құқықтарды қорғау қажеттігі атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Педагогтер ЖИ құралдарын оқу-тәрбие процесінде қолдану тәжірибелерімен бөлісіп, практикалық тұрғыда пайдалану жолдарын талқылады.

6-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Педагог-психолог Бақыт Арайлым Жалғасханқызы «Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік» тақырыбында педагогикалық тренинг өткізді.

Тренингтің мақсаты – педагогтердің жаңа оқу жылына психологиялық дайындығын арттыру, ұжымдағы жағымды эмоционалдық ахуалды қалыптастыру, кәсіби ынтымақтастықты нығайту және әр педагогтің шығармашылық әлеуетін қолдау.

Тренинг барысында педагогтерге сергіту, топтық ынтымақтастық, өзін-өзі бағалау және жаңа мақсаттарды анықтауға бағытталған жаттығулар ұсынылды.

Педагогтер тренингке белсенді қатысып, жаңа оқу жылына қатысты өз мақсаттары мен кәсіби күтулерін ортаға салды.

7-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Әртүрлі мәселелер

Педагогикалық кеңес барысында оқу жылын ұйымдастыруға байланысты бірқатар мәселелер қаралды.

Педагогтердің ішкі еңбек тәртібін сақтау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату, топтардағы дамытушы ортаны жетілдіру, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Сонымен бірге жаңа оқу жылында педагогтердің шығармашылық және әдістемелік бастамаларын қолдау, кәсіби байқаулар мен семинарларға қатысу, тәжірибені тарату жұмыстарына көңіл бөлу ұсынылды.

Педагогтер тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар беріліп, ұсыныстар тыңдалды.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Жоғарыда қаралған мәселелерді талқылай келе, педагогикалық кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026–2027 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттары және 2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес ұйымдастыру.

2. 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттер бекітілсін және олардың орындалуы қамтамасыз етілсін.

3. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, эмоционалдық әл-ауқатын сақтау және салауатты өмір салтына баулу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

4. Балалардың ауызекі сөйлеуін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін және коммуникативтік дағдыларын дамыту жұмыстары барлық жас топтарында күшейтілсін.

5. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа ұқыпты қарау және еңбек дағдыларын дамыту жұмыстары тәрбиелеу-білім беру процесіне кіріктірілсін.

6. Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру, «Заң мен тәртіп» қағидаттарын іске асыру, адалдық, әділдік, жауапкершілік және өзара сыйластық құндылықтарын қалыптастыру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.

7. Балалар арасында буллингтің алдын алу, достық қарым-қатынас пен өзара сыйластықты қалыптастыру, әр баланың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.

8. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» бағыты бойынша балалардың еңбекке оң көзқарасын қалыптастыру және мамандықтар әлемі туралы бастапқы түсініктерін кеңейту жұмыстары жүргізілсін.

9. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру мақсатында цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатқа сай тиімді пайдалану жұмыстары жалғастырылсын.

10. Жасанды интеллект құралдарын пайдалану барысында ақпараттың дұрыстығын тексеру, академиялық адалдықты сақтау, балалардың жеке деректерін қорғау және авторлық құқық талаптарын сақтау қамтамасыз етілсін.

11. Педагогтердің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары белгіленген талаптарға сәйкес әзірленіп, сапалы жүргізілсін.

12. Осы педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуын бақылау меңгеруші Өмірғалиева Айдана Баубекқызы және әдіскер Бақыт Арайлым Жалғасханқызына жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы: Өмірғалиева А.Б

Хатшы: Бақыт А.Ж.





Педагогикалық кеңес









"Бақытты бала" ұжымы



Білімі мен кәсіби шеберлігін шыңдап,
«Модератор» санатын
иеленген тәрбиешілеріміздi
шын жүректен құттықтаймыз!

ЖШС «Baqytty bala» «MDU Baqytty bala»

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ПЕДАГОГТІҢ ЗАМАНАУИ КӨМЕКШІСІ»

№1 педагогикалық кеңес



Топ тәрбиешісі: Тулебаева А.А

2026-2027 оқу жылы

«ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ПЕДАГОГТІҢ ЗАМАНАУИ КӨМЕКШІСІ»

Педагогикалық кеңес аясындағы практикалық көрсетілім сценарийі
Форматы: практикалық көрсетілім
Жүргізуші: 1 тәрбиеші
Қатысушылар: педагогтер
Құралдар: компьютер, проектор, интернет, экран
Құрметті әріптестер!
Бүгін мен сіздерге жасанды интеллект туралы ұзақ теория айтпаймын. Оның орнына **педагогтің күнделікті жұмысын қалай жеңілдетуге болатынын нақты бір мысал арқылы көрсетемін.**
Қазір біз бір ғана тақырыпты ала отырып, бірнеше минут ішінде:
идея → тапсырма → ойын → көрнекілік → ұйымдастырылған іс-әрекет
қалай жасауға болатынын бірге көреміз.
Біздің бүгінгі тақырыбымыз:
«Қауіпсіздік ережесін білесің бе?»
Бұл тақырыпты әдейі таңдадым. Себебі қауіпсіздік – мектепке дейінгі ұйымдағы күнделікті жұмыстың маңызды бағыттарының бірі.
Алдымен өзімізге қарапайым сұрақ қояйық:
Егер ертең балалармен қауіпсіздік тақырыбында ойын өткізу керек болса, бізге не қажет?
Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тапсырма, сұрақтар, суреттер, ойын ережесі, көрнекілік және қорытынды тапсырма қажет.
Осының бәрін бірден іздеп отыруға болады. Ал ЖИ бізге осы жұмысты жылдам ұйымдастыруға көмектеседі.
1. «ЖИ-ге дұрыс тапсырма бере аламыз ба?» Экранға ChatGPT ашылады.
Мен оған жай ғана:
«Қауіпсіздік туралы ойын құрастыр» деп жазбаймын.
Өйткені ЖИ-ге тапсырманы неғұрлым нақты берсек, нәтиже де соғұрлым пайдалы болады.
Мысалы, мынадай сұраныс енгіземін:
«5 жастағы мектепалды топ балаларына арналған "Қауіпсіздік ережесін білесің бе?" атты ойын құрастыр. 10 қысқа тапсырма болсын. Үйдегі, көшедегі, табиғаттағы және өрт қауіпсіздігі қамтылсын. Тапсырмалар баланың жас ерекшелігіне сай, қарапайым тілде және ойын түрінде берілсін.»
Міне, ЖИ бізге бірнеше секунд ішінде дайын идеялар ұсынады.
Бірақ бір маңызды қағида бар:
ЖИ берген жауапты сол күйінде қолданбаймыз.
Педагог оның мазмұнын тексереді, баланың жасына бейімдейді, қажет жерін өзгертеді және өзінің кәсіби тәжірибесімен толықтырады.
2. «Бір сұраныстан – бірнеше тапсырма»
Енді ЖИ берген материалдың ішінен бірнеше тапсырманы таңдап алайық.
1-тапсырма
«Жолдан қай жерден өтеміз?»
- жаяу жүргіншілер өткелі;
- кез келген жер;
- көлік жүретін жол.

Балалар дұрыс жауапты таңдайды.
2-тапсырма
«Сіріңкемен ойнауға бола ма?»
- болады;
- болмайды.

3-тапсырма
«Бейтаныс адам сыйлық ұсынса не істейміз?»
Балалар өз жауаптарын айтады.

4-тапсырма

«Найзағай кезінде қай жерде қауіпсіз болған дұрыс?»

Балалар ұсынылған нұсқалардың ішінен қауіпсіз әрекетті анықтайды.

5-тапсырма

«Бейтаныс адам есік қақса, не істейміз?»

Балалар жағдайды талдап, дұрыс әрекетті айтады.

Осылайша бір ғана сұраныстан бірнеше дайын тапсырма алдық.

3. «Енді тапсырманы ойынға айналдырайық»

Ал енді мәтін түріндегі тапсырмаларды балаларға қызықты интерактивті ойынға айналдырайық.

Бұл үшін мен **Wordwall** платформасын қолданамын.

Wordwall платформасы

Экранда Wordwall ашылады.

Бүгін біз **«Викторина»** үлгісін таңдаймыз.

Ойын атауы:

«Қауіпсіздік ережесін білесің бе?»

Енді дайын тапсырмаларды енгіземіз.

4. «Ойынды бірге ойнап көрейік»

Экранда бірінші сұрақ шығады:

1-сұрақ

«Жолдан қай жерден өтеміз?»

А) Кез келген жерден

Ә) Жаяу жүргіншілер өткелінен

Б) Көліктердің арасынан

Құрметті әріптестер, балалардың орнында өздеріңіз жауап беріп көріңіздер.

Дұрыс жауап – Ә.

Келесі сұрақ:

2-сұрақ

«Сіріңкемен ойнауға бола ма?»

А) Иә

Ә) Жоқ

Дұрыс жауап – **Ә.**

Келесі:

3-сұрақ

«Бейтаныс адам кәмпит немесе сыйлық ұсынды. Не істейміз?»

Баланың жауабын тыңдаймыз.

Бұл жерде тек дұрыс жауапты айтқызу жеткіліксіз. Баладан:

«Неге?»

деп сұрау арқылы оның қауіпсіздік туралы түсінігін тереңдетеміз.

5. «ЖИ тек ойын емес»

Көп жағдайда ЖИ-ді тек мәтін жазатын құрал ретінде қабылдаймыз.

Ал оны көрнекілік жасауға идея алу үшін де қолдануға болады.

Мысалы, экранға мына сұранысты енгіземін:

«5 жастағы балаларға арналған қауіпсіздік тақырыбында 5 көрнекілік идея ұсын. Әр суретте балаға түсінікті нақты қауіпсіз және қауіпті әрекет көрсетілсін.»

ЖИ бізге бірнеше идея ұсынады.

Мысалы:

1. Бағдаршамнан өтіп бара жатқан бала;

2. Сіріңкеге қол созып тұрған бала және оны тоқтатқан ересек адам;

3. Бейтаныс адамнан сыйлық алмай тұрған бала;

4. Найзағай кезіндегі қауіпсіз әрекет;

5. Үйдегі электр құралдарын қауіпсіз пайдалану.

Осы идеялардың негізінде қажетті суреттерді дайындауға болады.

6. «ЖИ арқылы ұйымдастырылған іс-әрекетке идея»

Енді тағы бір қадам жасайық.

Экранға:

«5 жастағы балаларға "Қауіпсіздік – менің ережем" тақырыбында 15 минуттық ойын түріндегі ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарын құрастыр. Қызығушылықты ояту, қимылды ойын, проблемалық жағдаят және қорытынды тапсырма болсын.»

деп жазамыз.

ЖИ бізге іс-әрекеттің құрылымын ұсынады.

Мысалы:

Қызығушылықты ояту → проблемалық жағдаят → интерактивті ойын → қимылды тапсырма → қорытынды.

Бірақ бұл жерде де дайын жоспарды өзгеріссіз алмаймыз.

Педагог оны өзінің тобына бейімдейді.

7. «Педагогтің өз шығармашылығы»

Енді ең қызықты бөлікке келейік.

ЖИ бізге идея бере алады.

Бірақ сол идеяны **қызықты педагогикалық әрекетке айналдыратын – педагогтің өзі.**

Мысалы, біз:

«Бағдаршам» тақырыбын алайық.

ЖИ бізге сұрақтар құрастырды.

Wordwall бізге интерактивті ойын берді.

Ал біз оны қимылды ойынмен біріктіре аламыз:

«Бағдаршам»

Жасыл – балалар жүреді.

Сары – орнында тоқтайды.

Қызыл – қозғалмай тұрады.

Осылайша бір ғана тақырыпта:

ЖИ + цифрлық ойын + қимылды ойын + қауіпсіздік тәрбиесі

біріктіріледі.

8. Педагогтерге шағын тапсырма

Енді сіздерге шағын тапсырма ұсынамын.

Әр педагог өзіне таныс бір тақырыпты ойласын.

Мысалы:

«Ұлттық ойындар»

«Дұрыс тамақтану»

«Жыл мезгілдері»

«Жануарлар әлемі»

«Жол қауіпсіздігі»

Сол тақырып бойынша ЖИ-ге бір нақты сұраныс құрастырып көріңіздер.

Мысалы:

«5 жастағы балаларға "Пайдалы және зиянды тағамдар" тақырыбында сәйкестендіру ойынына 8 тапсырма құрастыр.»

Немесе:

«4 жастағы балаларға ұлттық ойындарды таныстыруға арналған 5 қызықты ойын тапсырмасын ұсын.»

Бірнеше секунд ішінде педагогтің қолында жаңа материалдың негізі пайда болады.

9. Ең маңызды 4 ереже

Бүгінгі көрсетілімнен кейін ЖИ қолдануда төрт нәрсені есте сақтауды ұсынамын:

1. Нақты сұраныс бер.

ЖИ-ге не керек екенін анық жаз.

2. Міндетті түрде тексер.

ЖИ қателесуі мүмкін.

3. Баланың жасына бейімде.

4 жастағы бала мен 6 жастағы баланың тапсырмасы бірдей болмайды.

4. Педагогикалық шешімді өзің қабылда.

ЖИ – көмекші, ал педагог – негізгі тұлға.

ҚОРЫТЫНДЫ

Құрметті әріптестер!

Бүгін біз бірнеше минут ішінде бір тақырыптан:

сұраныс → идея → тапсырма → интерактивті ойын → көрнекілік → ұйымдастырылған іс-әрекет

құрастыруға болатынын көрдік.

Сондықтан жасанды интеллектіні күрделі нәрсе деп қабылдаудың қажеті жоқ.

Оны күнделікті жұмысымыздағы қарапайым көмекші ретінде қолдануға болады.

Ең бастысы:

«ЖИ педагогтің орнын баспайды. Ол педагогтің уақытын үнемдеп, идеясын жүзеге асыруға көмектеседі».

Ал нағыз педагогикалық шеберлік – дайын ақпаратты алу емес, оны **баланың қызығушылығына, жас ерекшелігіне және нақты оқу мақсатына сай дұрыс қолдана білу.**

Осымен практикалық көрсетіліміз аяқталды. Рақмет!



ЖШС «Baqytty bala» «MDU Baqytty bala»

Педагогикалық тренинг
«Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік»
№1 педагогикалық кеңес



Педагог-психолог: ***Бақыт А.Ж***

2026-2027 оқу жылы

Педагогикалық тренинг

«Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік»

Мақсаты: педагогтердің жаңа оқу жылына жағымды эмоционалдық көңіл күймен кірісуіне жағдай жасау, өз кәсіби мүмкіндіктерін бағалау, жеке мақсаттарын айқындау, ұжымдық қолдау мен ынтымақтастықты нығайту.

Қатысушылар: педагогтер

Өткізу формасы: тренинг

Ұзақтығы: 20–25 минут

Қажетті құралдар: түрлі түсті стикерлер, А4 қағаздары, қаламдар, жүрекше немесе гүл бейнесіндегі карточкалар.

ТРЕНИНГ БАРЫСЫ

Педагог-психологтың кіріспе сөзі

Құрметті әріптестер!

Жаңа оқу жылы – жаңа жоспарлардың, жаңа міндеттердің басталуы ғана емес, **жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын кезең**.

Әр оқу жылы бізге өз тәжірибемізге жаңаша қарауға, жаңа әдістерді үйренуге, шығармашылық қабілетімізді дамытуға және өзімізді кәсіби тұрғыдан жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі шағын тренингіміздің мақсаты – оқу жылының алғашқы кезеңінде бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлау, өзіміздің күшті жақтарымызды еске түсіру, алға қойған мақсаттарымызды анықтау және **«Біз бір командамыз»** деген сезімді қалыптастыру.

Бүгін дұрыс немесе бұрыс жауап болмайды. Ең бастысы – өз ойымызды еркін жеткізу және бір-бірімізді тыңдау.

Ендеше, бастайық!

1-жаттығу. «Жылы тілек»

Мақсаты:

Педагогтердің жағымды эмоционалдық көңіл күйін қалыптастыру, бір-біріне жылы қарым-қатынас орнату.

Жүргізілу барысы:

Барлық педагогтер шеңбер бойына тұрады немесе орындарында қалады.

Педагог-психолог:

Қазір әрқайсымыз жанымыздағы әріптесімізге жаңа оқу жылына байланысты **бір жылы тілек** айтамыз.

Тілек қысқа, бірақ шынайы болсын.

Мысалы:

- «Жаңа оқу жылы шығармашылық жетістіктерге толы болсын!»
- «Әр күніңіз жақсы жаңалықпен басталсын!»
- «Жұмысыңызға шабыт тілеймін!»
- «Балалардың қуанышы сізге күш берсін!»
- «Жаңа идеяларыңыз көп болсын!»
- «Еңбегіңіздің нәтижесін көріңіз!»

Әр педагог өз тілегін айтады.

Педагог-психолог:

Көрдіңіздер ме, бір ауыз жылы сөздің өзі адамның көңіл күйіне әсер етеді.

Жаңа оқу жылын да осындай **жақсылықпен, қолдаумен және жақсы ниетпен** бастағанымыз дұрыс.

2-жаттығу. «Менің күшті жағым»

Мақсаты:

Педагогтердің өзіндік кәсіби ерекшеліктерін сезінуіне және өз күшіне сенімділігін арттыруға жағдай жасау.

Жүргізілу барысы:

Педагог-психолог әр педагогке шағын қағаз таратады.

Нұсқау:

Қағазға өзіңіздегі **педагог ретінде бір күшті қасиетті** жазыңыз.

Бұл сіздің күнделікті жұмыста көмектесетін қасиетіңіз болуы керек.
Мысалы:
«Мен сабырлымын.»
«Мен шығармашылмын.»
«Мен балаларды жақсы түсінемін.»
«Мен жауапкершілігім жоғары.»
«Мен жаңа нәрсені үйренуге дайынмын.»
«Мен балалармен тез тіл табысамын.»
Педагогтер өз жауаптарын жазады.
Одан кейін бірнеше педагог өз жауабын оқиды.
Қорытынды:
Әркайсымыздың өзімізге тән күшті жағымыз бар.
Бір педагог – шығармашыл, екіншісі – сабырлы, үшіншісі – ұйымдастыруға шебер, тағы бірі – балалармен ерекше тіл табысады.
Осы ерекшеліктердің барлығы бір ұжымның күшін құрайды.
Сондықтан өз мүмкіндігімізді бағалай білу – кәсіби дамудың алғашқы қадамы.
3-жаттығу. «Жаңа мүмкіндік»
Мақсаты:
Педагогтердің жаңа оқу жылына нақты кәсіби мақсат қоюына ықпал ету.
Жүргізілу барысы:
Педагог-психолог:
Енді жаңа оқу жылына өзімізге бір мүмкіндік беріп көрейік.
Әркайсыңызға қағаз беріледі.
Қағазға мына сөйлемді аяқтап жазыңыз:
«Осы оқу жылында мен...»
Мысалы:
- «Жаңа әдіс үйренемін.»
- «ЖИ құралдарын меңгеремін.»
- «Авторлық дидактикалық ойын жасаймын.»
- «Балалармен жаңа жоба жүзеге асырамын.»
- «Тәжірибеммен әріптестеріммен бөлісемін.»
- «Кәсіби білімімді жетілдіремін.»
- «Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға жаңа мүмкіндік жасаймын.»

Педагогтер өз мақсаттарын жазады.
Бірнеше педагог өз мақсатын ортаға салады.
Педагог-психолог:
Мақсаттың үлкен немесе кіші болуы маңызды емес.
Ең маңыздысы – оның **нақты болуы және оны жүзеге асыруға өзіміздің дайын болуымыз.**
Бүгін жазған бір мақсатымыз оқу жылының соңында нақты нәтижеге айналуы мүмкін.
4-жаттығу. «Бір команда»
Мақсаты:
Ұжымдық бірлікті, өзара сенім мен қолдауды нығайту.
Жүргізілу барысы:
Педагог-психолог:
Енді соңғы жаттығуға келдік.
Мен бір сөйлем бастаймын:
«Біздің ұжым мықты, себебі...»
Әр педагог осы сөйлемді өз ойымен аяқтайды.
Мысалы:
- «Біздің ұжым мықты, себебі біз бір-бірімізді қолдаймыз.»
- «...себебі тәжірибемізбен бөлісеміз.»
- «...себебі қиындықты бірге шешеміз.»
- «...себебі біз балалар үшін еңбек етеміз.»
- «...себебі әркайсымыздың өз орнымыз бар.»
- «...себебі біз жаңашылдыққа ұмтыламыз.»

Барлық педагог өз ойын білдіреді.

Қорытынды жаттығу. «Бір сөзбен»

Педагог-психолог:

Тренингімізді аяқтамас бұрын, әрқайсыңыз жаңа оқу жылынан күтетін көңіл күйіңізді **бір сөзбен** айтып көріңіз.

Мысалы:

«Шабыт»
«Жетістік»
«Даму»
«Сенім»
«Шығармашылық»
«Қуаныш»
«Мүмкіндік»

Педагогтер кезекпен бір сөз айтады.

Педагог-психологтың қорытынды сөзі

Құрметті әріптестер!

Бүгін біз бір-бірімізге жылы тілек айттық, өзіміздің күшті жақтарымызды атап өттік, жаңа оқу жылына мақсат қойдық және ұжым ретінде өзіміздің ортақ күшімізді сезіндік.

Әр адамның жеке мүмкіндігі бар. Бірақ сол мүмкіндіктер **бір мақсатқа біріктірілген кезде үлкен нәтижеге айналады.**

Жаңа оқу жылында әрқайсымызға:

жаңа идея,
жаңа мүмкіндік,
жаңа тәжірибе,
жаңа жетістік

тілеймін.

Ең бастысы – қандай жағдай болса да, **бір-бірімізді қолдап, тыңдап, түсініп, бірге дамуымыз.**

Есімізде болсын:

«Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік.
Ал жаңа мүмкіндікті нәтижеге айналдыратын – біздің өзіміз!»

Жаңа оқу жылымыз сәтті, жемісті және шығармашылыққа толы болсын!